

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023**

С. 164–169.

2. Гаген-Торн Н.И. Магическое значение волос и головного убора в свадебных обрядах Восточной Европы // Советская этнография, 1933, № 5-6, С. 76-88.

3. Усманова Э.Р. Қола дәуірінің андроновтық костюмі (солтүстік және орталық қазақстан жерлеу ескерткіштерінің материалдары бойынша тоқыма технологиясы мен киім сәнінің қайта жаңғыртпасы) // Ұлы дала: Тарих пен Мәдениет. Нұр-Сұлтан: «Халық қазынасы» ғылыми зерттеу институты, 2019, 26-35 бб.

4. Ткачѳв А.А., Ткачѳва Н.А. Женский костюм андроновской эпохи по археологическим материалам могильника Майтан (Центральный Казахстан) // Археология, этнография и антропология Евразии, 2018, 46 (2), С. 35-42.

5. Усманова Э.Р. Костюм женщины эпохи бронзы Казахстана. Опыт реконструкций. – Караганда: ТАиС, 2010. 176 с.

6. Гаген-Торн Н.И. Женская одежда народов Поволжья (материалы к этногенезу). – Чебоксары: Чувашское государственное издательство, 1960, 230 с.

ӘОЖ 902/904

### Орталық қазақстандағы сақ кезеңінің қоныстары

**Жұманазаров Әлиасқар Назарбекұлы**

[na.aliaskar@mail.ru](mailto:na.aliaskar@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, тарих факультеті Астана қ., Қазақстан  
Ғылыми жетекші - Ұ.Ұ.Үмітқалиев

Сақ тайпалары көшпелі өмір салтын ұстанғанын біз бұрыннан білеміз [1, 210 б.]. Сақ қоныстары әлі күнге дейін дұрыс зерттелмеген және олар туралы ақпарат кәзіргі таңда көп емес [1]. Сақ мәдениетін жаңа қырынан ашу бізге қоныстар туралы жаңа ақпарат береді. Сақ қоныстарын көшпенді қазақ халқының қоныстарымен сабақтастыра зерттеу мәселесі бүгінгі таңда өзекті болып отыр.

Қазақтың қора-қыстаулары – тұнып тұрған тарихи дерек. Бұл арада олардың жеке тақырыпты қамтитын, өз бет-бейнесі мен ішке жасырып отырған құпиясы бар тарихи ескерткіш санатындағы автономды образын айтпай, біздің зерттеулерге ерекше маңызды тұстарын атап өту керек [2, 3 б.].

Сақ дәуірі қоныстарына жақын тұратын қазақ халқының қора-қыстауларының топографиясы қызықты, және олардың сыртқы, яғни ауыл деңгейіндегі, ғана емес, жеке құрылыстардың ішкі құрылысын да тиянақты қарастыру өзекті, - әрі біз үшін ең қажетті аспектілер де осы [4].

Ауа-райы қатал далалық өлкелерді мекендеген адамдардың өзіне қысқы қоныс болатын жерді игергенде ұтымды табиғи мүйісті неғұрлым дұрыс таңдап отыруға тәуелділігі басқалардан жоғары болған [5]. Осы тұрғыдан, қора-қыстаулардың ландшафтта орналасуына қатысты одан да маңызды аспектілер шығады. Түптеп келгенде қыстаулардан маңайдағы қысқы-жазғы жайылым орындары, олардың алыс-жақындығы, өзен-су, т.б. бастау алады. Әдістемелік көзқарастар мен нақты шешімдерді күтетін міндеттер кешенін түзу үшін жеткілікті дәрежеде материал жинақталуы керек.

Соңғы жылдары Қазақстандық археологтардың зерттеулерімен Қазақстан туралы деректер көбейіп келеді. Солтүстік пен орталықта, Жетісу және Ертіс өңірінде, сақ дәуірінің қоныстары зерттеледі [6]. Сақ қоныстарының жалпы өмір сүруінің төменгі шекарасы біздің дәуірге дейін VIII-VII ғасырлар кезеңімен анықталады [6].

Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы жеріндегі Айыртас сақ дәуірі қонысында жеті тұрғын үй орыны мен бірнеше қазақ заманының қыстауы тіркелді [7]. Қора-қыстаулардың мұнда әлі бірсыпырасы бар екені байқалды, сонымен қатар, әзірше қаралып өтпеген, шеттеу жатқан сайлардың жоғарғы беткейлерінде әлі де сақ қоныстары да табылуы әбден мүмкін. Тау алдындағы жазықтың әр жерінде орын тепкен көне қорымдарда жүргізілген археологиялық

қазбалар нәтижесінде, сақ дәуірі кезеңінде адамдардың жерлеу орындары анықталғаны жайлы көрсеткен болатын [8].

Қазіргі таңда, олардың қоныс-мекендері нақтыланып отыр. Айыртас өлкесі және мұндағы ескерткіштер сақ дәуірінде тиісті маңызы болған табиғи алғы шарттардан кейін қазақ заманында да өз орнын алғанын нақты дәлелдейтін фактілерді береді [2,3]. Сақ дәуірінің Айыртас-6 қонысы деп тіркелген ескерткіште сақ дәуірі мен қазақ құрылыстарының ірге қалдықтары бар екені нақтыланды [2, 3 б.].

Археологиялық деректер бойынша далалық, таулы-далалық аймақтарда Еуразия кеңістігінде скиф-сақ дәуіріне жататын орындар, қоныстар сияқты ескерткіштердің кеңістікте таралуы бірқатар негізгі факторларға бағынады. Мұнда көршілермен қарым-қатынас ерекшеліктері және жалпы стратегиялық жағдай, қоғамның экономикалық бағыты, қауымдастықтардың қозғалысы мен қоныстану жолдары, кеңістікте мәдениеттің өзін ұйымдастыру принциптерімен мағлұматтары жайлы айтылған. Бұл деректер мен нәтижелердің барлығы Орталық Қазақстанның елді мекендерін кешенді зерттеудің бастапқы кезеңін ғана сипаттайды [9].

2021 жылғы далалық ізденістермен қазба жұмыстары барысы Қарағанды облысы аумағындағы қазақ қыстауларын зерттеу екі кезеңде атқарылды [11]. Алғашында Қарқаралы ауданы жерінде өткен барлау жұмыстары барысында Айыртас, Қу, Бесоба өлкелерінде, Ақтоғай ауданындағы Көлдібұлақ қыстауында орналасқан, жиыны 20 қыстаудың мәліметтері алынды. Аталған ескерткіштегі қазбалар Қарағанды облысы мәдениет басқармасы жанындағы тарихи-мәдени мұраны қорғау инспекциясымен екі арадағы келісім-шарт негізінде жасалды [11, 1 б.].

Орталық Қазақстанда сақ қоныстары (қыстаулары) көп [11]. 20 жылдан астам бойы зеріттеу жұмыстары болып жатыр [11]. Едірей мен Абылай қоныстарында көптеген қыш ыдыстар, тас құралдар мен жануарлар сүйегі табылды [8]. Сондай-ақ сақ қоныстары Шығыс Арал өңірінде бұрын табылған болатын, қазіргі уақытта бұл қоныстарды заманауи деңгейде одан әрі іздестіру және зерттеу ерекше өзекті болып табылады [1]. Қазақстанға іргелес аумақтардағы елді мекендер де күтпеген жағдай емес. Олардың көпшілігі Горныйда белгілі Алтай, Алтай өлкесінің орманды дала және дала аймақтарында бірқатар нысандар зерттелді [12]. Бірақ белгілі қоныстар Оңтүстік Оралда және Минусинск далаларында аз зерттелген [11].

Қазақ ғалымдарының басшылығымен Орталық Қазақстан сақ дәуіріндегі қоныстары табылып, зерттеле бастағанына қазір 20 жыл болды [11, 1 б.]. Өткен уақыт аралығында бұл тақырып еліміздің археология ғылымы саласында өз орнын алып, дәстүрлі бағытқа айналып отыр деуге болады. Бүгінгі таңда Орталық Қазақстанның шығыс аумағында барлығы 70-тен астам қоныс мекендер белгілі [10]. Сақ дәуірі қоныстарын сол замандағы бақташы қауымдардың қысқы мекендері, яғни қыстаулары деп қарастырады. Көптеген басылым беттерінде бұл ескерткіштердің біршама ерекшеліктері егжей-тегжейлі қарастырылған болатын. 2021 ж. қазба жұмыстарының негізгі бөлігі Қарқаралы ауданындағы Едірей сақ дәуірі қоныстары тобына кіретін Құлжан-1 ескерткішінде жүргізілді. Жаңа зерттеліп отырған бұл нысандағы қазба ауданы 368 м<sup>2</sup> құрады [10]. Осы ауданнан барлығы 700-ден астам қыш ыдыс бөлшегі, 200-ден астам тас құрал, сондай-ақ, жануарлар сүйектері табылды [5, 11, 1].

Қоныстың қазылған бөлігінен бір тұрғын-жай кешені ашылды [6]. Бұны алдында қосалқы бөлмелері бар бір үй деп айтуға болады. Негізгі тұрғын үй шаршы пішіндес формада, өлшемдері 8x7,1 м, іргесі жалпақ қылып тастан жасалған [6]. Бұл Орталық Қазақстан сақтарының баспаналарына тән, қалың, жалпақ қабырғалы, мығым салынған үйдің бір үлгісі. Бұндай тас іргелі, онша биік емес, аласа тұрғызылған үйлер қысы қатал, желді-боранды ауарайы үстем өңірде тарағаны осыған дейінгі жарияланымдарда айтылып өтті. Абылай қонысында бірнеше жыл қазба жұмыстары атқарылып келеді. Есептегі жылы Абылайда 176 м<sup>2</sup>, ал Сарыбұйратта 64 м<sup>2</sup> қазба салынды. Жалпы, 2021 ж. үш қоныста барлығы 608 м<sup>2</sup> жер ауданы қазылды [3, 1 б.].

Зерттелмеген бір қыры – жазғы демалыс лагерлері туралы деректердің жоқтығы [3]. Мұндай жерлерді, кейбір байқауларға сәйкес, қысқы жолдардан қысқа қашықтықта, далада,

ашық өзен аңғарларының бойында күту керек [10]. Сақ дәуірінің мәселелерін зерттеуде этнографиялық деректерді, оның ішінде қазақ этнографиясын пайдалану белгілі бір жүйеге бағынып, халықтың тарихы мен этнографиясының белгілі бір білімінен шығып, әртүрлі басылымдардағы және басқа да «құжаттардағы» жеке деректер мен цифрларға емес, аналитикалық зерттеулерге сүйенеді [4, 9 б.].

Соңғы жылдары А.З. Бейсеновтың басшылығымен сақ қоныстарының үстіне салынған қазақ қораларын кешенді зерттеу мәселесі қолға алынып жүр [10]. Олардың әсіресе табиғи ортаға бейімделуі мен ландшафты таңдап алуы, табиғи шикізатты қолдануы ортақ болғанын көрсететін зерттеулер жасалуда [10, 1 б.]. Қазақ қораларының тау қуыстарындағы алаң ашық сайларда орналасуы және көктемде қар тез еритін жерлерде орналасуы сақ мәдениетімен етене болғандығын көрсетеді [7]. Алайда бұл тұжырымдарды жалаң сөзбен емес, ғылыми кешенді зерттеулер арқылы шешім жасау мәселесі тұр.

Қорыта келе соңғы жылдарда жүргізіліп отырған, қазба жұмыстарының бір ерекшелігі, алынып отырған материалдарды пәнаралық зерттеулерге тарту ісінің ұлғайуында болмақ. Қазір, нақтылап айтқанда, қоныс зерттеу, жаңадан қазбалар салу бағыты бірте-бірте Орталық Қазақстан сақ дәуірі тұрғындарының шаруашылығын кешенді түрде зерделеу бағытына ұласып отыр. Бұл орайда, тұрақты атқарылып отырған трасологиялық, археозоологиялық, карпологиялық, сараптамалардың маңызы зор. Сонымен қатар, ерте темір дәуірі қоғамының толық көрінісін тану үшін, Орталық Қазақстанмен жапсарлас жатқан Жетісу, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстанның сақ дәуірі қоныстарын сабақтастыра зерттеу мәселесі өзекті болып қала береді. Біздің алдағы уақыттағы зерттеулеріміздің негізгі бағыты да осы сала болады деп ойлаймыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі**

1. Бейсенов А.З. Орталық Қазақстан сақ дәуірі қоныстарында жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары // Археологические исследования в Казахстане 2021. Астана: Мәдени мұра Ғылыми зерттеу институты, 2022, 209-214 бб.
2. Бейсенов А.З. Поселения Абилай - пам'ятка доби раннього заліза Центрального Казахстану // Археологія і давня історія України, 2022б. Вып. 1. С. 120-130.
3. Бейсенов А.З. Тасмолинская культура Центрального Казахстана в исследованиях начала XXI века // Археологія і давня історія України, 2018, Вып. 2, С. 386-396.
4. Бейсенов А.З., Дуйсенбай Д.Б., Ахияров И.Х., Джуманазаров Н.Ш. Новые исследования поселений сакского времени центрального Казахстана // Сохранение и изучение культурного наследия Алтайского края: сборник научных статей. Алтайский государственный краеведческий музей. - Барнаул: АлтГУ, Вып. 25, 2019, С. 7-14.
5. Бейсенов А.З., Гимранов Д.О., Ахияров И.К., Дуйсенбай Д.Б. Поселение сакского времени Абылай в Центральном Казахстане // Теория и практика археологических исследований, 2018, №2, С. 150-171.
6. Джумабекова Г.С., Базарбаева Г.С. О раннем железном веке Жетысу: некоторые итоги систематизации данных // Археология и давняя история Украины, 2018, Вып. 2 (27), С. 469-484.
7. Хабдулина М.К. Итоги изучения улыбай-тасмолинской культуры Северной Сарыарки // Казахстан в сакскую эпоху: колл. монография. - Алматы, 2017, 214 с.
8. Бейсенов, А.З., Горашук, И.В., Дуйсенбай, Д.Б. Трасологическое исследование каменных орудий поселения сакского времени Абылай, Центральный Казахстан // Поволжская археология, 2021, №3, С. 177-194.
9. Бейсенов А.З., Шульга П.И., Ломан В.Г. Поселения сакской эпохи. – Алматы, 2017, 208 с.
10. Бейсенов А.З., Шашенов Д.Т. Қазақ қыстаулары бойынша орталық Қазақстанда 2021 жылы жүргізілген археологиялық зерттеулер // Археологические исследования в Казахстане 2021. - Астана: Мәдени мұра Ғылыми зерттеу институты, 2022, С. 235-240.

11. Beisenov A.Z. New Data in the research of Settlements of Saka time in Central Kazakhstan // Теория и практика археологических исследований, 2021, Т.33, №3, С. 181-202.
12. Савельев Н.С. Раннесакские поселения Южного Зауралья // Сакская культура Сарыарки в контексте изучения этносоциокультурных процессов Степной Евразии. - Алматы, 2015, С. 246–254.

ӘОЖ 902.2

## ЕРТЕ ТЕМІР ДӘУІРІНДЕГІ МҰРТТЫ ОБАЛАР СЕМАНТИКАСЫ

**Мықтыбаев Нурдаулет Еркінұлы**

[nur777789n@gmail.com](mailto:nur777789n@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 1- курс студенті

Астана қ, Қазақстан

Ғылыми жетекші - Ұ. Ұ. Үмітқалиев

Тасмола мәдениетінің зерттелу тарихы ХІХ ғ. орта ширегінен бастап зерттеліп келе жатқанмен, әлі күнге толықтай кезеңделі мен мерзімделуі шешімін таба қойған жоқ. Сол себепті қазіргі уақыттағы заманауи зерттеулер негізінде тың деректер арқылы кезеңдеу ісін қолға алу қажеттілігі туындап отыр. Осы мәселе жөнінде айтпас бұрын Тасмола мәдениетінің зерттелу тарихы жөнінде қысқаша айта кеткен жөн болар.

1950 жылдары Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы шешімімен Ертіс өзенінен Қарағандыға су каналы салыну жұмыстарының алдындағы қазбалар нәтижесінде Павлодар облысы, Екібастұз ауданы Тасмола ауылының жанында Шідерті өзенінің бойында алғаш тасмолалық ескерткіштер Мир Қасымович Қадырбаевтің ізденістерімен зерттелген болатын. Негізінен Тасмола типіндегі ескерткіштерді ерекшелеуде тас үйінділі обалар мен тас тізбектердің орналасуы және жерлеу ғұрпы өзіндік ерекшеленді. Кейіннен Мир Қасымович Қадырбаевтің зерттеулерімен Тасмола мәдениетінің таралу аймағы Павлодар облысының батысы мен шығысы және Қарағанды облысы, Шығыс Қазақстан облысының Шыңғыстауға дейінгі аймақтарын қамтитындығы айтылған болатын.

«Мұртты оба» кешені өзінің айырықша белгілерімен бірге дала төсінде керіліп жатқан сұлбасымен кімді де болмасын назар аудартпай қоймайды. Ә.Х. Марғұланның болжауы бойынша «мұртты» обалар «ас беру» немесе еске алу орындарына тұрғызылған ғұрыптық құрылымдар дейді. Ә.М. Оразбаевта «мұртты» обаларды ғұрыптық ескерткіштер деген пікірді ұстанды. Оның болжамы бойынша, мұндай ескерткіштер ежелгі дәуірдің діни салтанаттары кезінде құрбандыққа ат шалу дәстүрімен, қасиетті күн тәңіріне табыну идеялармен сабақтас болғандығын айтты [1, 175-192 бб].

«Мұртты оба» кешені әдетте батыстағы «үлкен» және шығыстағы кіші оба деп ажыратылатын 2 обадан, кіші обадан шығысқа қарай тартылған 2 тас тізбектен («мұрттардан») тұрады [2, 256-263 бб.]. М.К. Қадырбаевтың пікірінше, «мұртты» обалар кешенінің шығыс құрылымдары «тек ғұрыптық сипатта» болып күнге табыну үрдісін білдірсе, кешенді тұтас алып қарағанда, батыстағы үлкен обада «тайпаның беделді кісілері: көсемдер, рубасылар, жерленген [3].

«Мұртты» обалар негізінде үш құбылыстан тұрады, бізге жетіп келген мәліметтер бойынша, негізгі обаға мүрде мен сан алуан заттар жатады, ал кіші обада қабір шұңқыры жоқ. Сол үйіндінің астынан сол кездегі жылқы қаңқасы немесе жекеленген сүйектері шығады, ал шығыс жағынан бір екі қыш ыдыс шағады. Негізінен «мұртты» оба түрі кеңінен таралған дегенмен бірақта басқада түрлері кездесуі айқын. Мысалға айтатын болсақ, кіші оба шығыста емес, үлкен обаның оңтүстігінде орналасқан обалар. Бұл ретте олар бір көлемде болады. Тек бір рет қана кездескен болатын, кіші обаның үлкен оба үстінде тұрғызылғандығы, бірақ қалған барлық кезде үш құрамыда кезігеді.

«Мұртты» оба – диаметрі оңтүстіктен солтүстікке қарай 11 м, ал шығыстан батысқа қарай 12м, биіктігі 0,5 м құрайды. Мұртының ұзындығы: солтүстік мұртының ұзындығы – 47,5